

Т.А. Төлебаев *, Х.А. Сутеева ², С.М. Илгидаева ³

¹ Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
тарих ғылымдарының докторы, профессор, Алматы қ., Қазақстан, E-mail: tur-07@mail.ru

² Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
тарих ғылымдарының докторы, профессор, Алматы қ., Қазақстан, E-mail:
suteeva51@mail.ru

³ Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, PhD докторант,
Алматы қ., Қазақстан, E-mail: symbat.moshyn@gmail.com

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОРТАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК КИНО-ФОТОҚҰЖАТТАР МЕН ДЫБЫСТЫҚ ЖАЗБАЛАР АРХИВІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Аңдатпа




Мақалада Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік кинофотоқұжаттар және дыбыстық жазбалар архивінің құрылу тарихына, қызметіне байланысты және аудиовизуалды құжаттардың маңыздылығы мен ерекшелігі туралы жазылған бірқатар еңбектерге тарихнамалық талдау жасалады.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері – кинофотоқұжаттар және дыбыстық жазбалар архиві туралы еңбектерге тарихнамалық талдау жасау, Қазақстандағы архив ісінің зерттелу дәрежесін айқындау және әлі де болса зерттелуі қажет мәселелерін анықтау мақаланың негізгі мақсаты болып табылады.

Қазақстан Республикасы архив ісі саласында үлкен жетістіктерге жетіп келеді. Республикада қазіргі таңда архивтану мәселелерін, архив саласы қалыптасқан жекелеген тарихи кезеңдерді, архив мекемелерін зерттеудің өзіндік ғылыми базасы қалыптаса бастады. Соның нәтижесінде іргелі ғылым саласы архивтану пәні ғылым ретінде үлкен маңызға ие болып отыр.

Мақалада Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік кинофотоқұжаттары және дыбыстық жазбалар архивінің даму тарихы жайлы жарияланған монографиялар, ғылыми мақалалар, диссертациялар тарихнамалық дерек ретінде пайдаланыла отырып, архив тарихы, оның құжаттарының тарихи деректік маңызы біршама айқындалған. Құжат қорлары, олардың жинақталуы, сақталуы, сандық жүйеге толық көшірілуі басқа да архивтердің тарихнамалық тұрғыда зерттелуі қажеттігі туралы тұжырымдар жасалып, ұсыныстар берілді.

Кілт сөздер: ақпарат, кинофонофотоқұжаттар, аудиовизуалды құжат, архив, архив ісі, тарихнама, зерттеулер.

Төлебаев Т.А. *, Сутеева Х.А. ², Илгидаева С.М. ³

¹Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, доктор исторических наук,
профессор, Казахстан. E-mail: tur-07@mail.ru

²Казахский национальный педагогический университет им.Абая,
доктор исторических наук, профессор Казахстан. г.Алматы, E-mail: suteeva51@mail.ru

³ Phd докторант, Казахский национальный университет им. Аль-Фараби.
Казахстан. г. Алматы

Аннотация

В статье проводится историографический анализ ряда работ, связанных с историей создания, деятельностью Центрального государственного архива кинофотодокументов и звукозаписей Республики Казахстан, а также о важности и специфике аудиовизуальных документов.

Целью и задачами исследования является проведение историографического анализа работ об архиве кинофотодокументов и звукозаписей, определение степени изученности архивного дела в Казахстане и выявление вопросов, которые еще предстоит изучить. Республика Казахстан добивается больших успехов в сфере архивного дела. В настоящее время в республике начинает формироваться собственная научная база для изучения проблем архивоведения, отдельных исторических периодов, в которых сформировалась архивная отрасль, архивных учреждений. В результате область фундаментальной науки приобретает все большее значение как предмет архивоведения.

В статье отражена история архива, его документов, с использованием в качестве историографического источника опубликованных монографий, научных статей, диссертаций об истории развития Центрального государственного архива кинофотодокументов и звукозаписей Республики Казахстан. Были сделаны выводы и даны рекомендации о необходимости историографического изучения фондов документов, их накопления, хранения, полного перевода в цифровую систему и других архивов.

Ключевые слова: информация, кинофонофотодокументы, аудиовизуальный документ, архив, архивное дело, историография, исследования.

Tulebaev T.A. *¹ *Suteeva H.A.* ², *Ilgidaeva S.M.* ³

¹*Al-Farabi Kazakh National University, Doctor of Historical Sciences, Professor, Kazakhstan, Almaty*

E-mail: tur-07@mail.ru

²*Abai Kazakh National Pedagogical University, Doctor of Historical Sciences, Professor, Kazakhstan, Almaty*

E-mail: suteeva51@mail.ru

³*Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, PhD student, Almaty*

E-mail: symbat.moshyn@gmail.com

THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN CENTRAL STATE FILM-PHOTO DOCUMENTS AND SOUND RECORDINGS RESEARCH ARCHIVE

Abstract

The article provides a historiographical analysis of a number of works related to the history of creation, the activities of the Central State Archive of Film and Photographic Documents and Sound Recordings of the Republic of Kazakhstan, as well as the importance and specificity of audiovisual documents.

The purpose and objectives of the research are to conduct a historiographical analysis of works on the archive of film and photographic documents and sound recordings, to determine the degree of study of archival business in Kazakhstan and to identify issues that have yet to be studied.

The Republic of Kazakhstan is making great progress in the field of archival business. Currently, the republic is beginning to form its own scientific base for studying the problems of archival science, individual historical periods in which the archival industry was formed, and archival institutions. As a result, the field of fundamental science is becoming increasingly important as a subject of archival science.

The article largely defines the history of the archive and its documents, using as a historiographical source published monographs, scientific articles, dissertations on the history of the Central State

Archive of Film and Photographic Documents and Sound Recordings of the Republic of Kazakhstan. Conclusions were drawn and recommendations were made on the need for a historiographical study of document collections, their accumulation, storage, complete transfer to a digital system and other archives.

Keywords: information, film and photographic documents, audiovisual documents, archives, archival Affairs, historiography, research.

Кіріспе. Архив ісінің тарихын зерттеу халықтар мен мемлекеттер туралы дереккөздердің жинақталу процесін бақылауға, «адамзаттың архив мұрасының» қалыптасуы, оның құрамын, орналастыру және ұйымдастыру процесін түсінуге мүмкіндік береді. Мемлекеттік пен мәдениет тарихымен тығыз байланыста бола отырып, архив ісінің тарихы тарихи ғылымдар саласына кіретін тарихнамалық және арнайы (қосымша) тарихи пәндердің көптеген мәселелерін қозғайды. Еліміздегі архив ісінің тарихы гуманитарлық білімнің қажетті элементі болып табылады және тарихшының кәсібилік деңгейін арттыруға ықпал етеді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік архив саласының 100 жылдан астам тарихы бар. Сол уақыт аралығында Қазақстан архивтері мемлекеттік мекемелер ретінде өзінің құжаттарды анықтау, сақтау және пайдалану сияқты мемлекеттік міндеттерін орындады. Бұл міндеттер Кеңестік билік кезеңінде Кеңес өкіметі жүргізетін саясатты жан-жақты қолдау мен насихаттауды қамтамасыз етуге арналды. Кеңестік кезеңде Қазақстанда архив ісінің ұйымдастырылуы орталықтандырылған және қатаң қағидаттары енгізілген архив мекемелерінің жүйесі құрылды. Еліміздің патшалық Ресейдің отарында, кейін кеңестік империяның құрсауында болуы, шынайы тарихымызды және архив ісін де зерттеуге деген мүмкіндікті шектегендігін білеміз. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін архив саласы тарихының жаңа дәуірі басталды деп айтсақ та болады. Архив ісі тарихында алғаш рет 1998 жылы 22 желтоқсанда Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті қол қойған Қазақстан Республикасының «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» Заңы қабылданды [1, 30-32 бб.]. Заңда аудиовизуалды құжаттаманың Ұлттық архив қорына жататындығы және сол туралы маңызды ережелер тіркелді. Осыған орай Отанымыздың өткен тарихын бейнелейтін және оның бүгінін жазатын жазбаша құжаттарды ғылыми негізде пайдалану, олардың сақталуын қамтамасыз ету сияқты сұрақтардың шешімін табу үшін құқықтық негіз қалыптасты.

Архив саласы жүйесінде негізгі орынды Қазақстан халықтарының мәдени жетістігінің аса құнды объектісі мемлекеттік архивтер алады. Ұлттық архивтердің ішіндегі маңызды орынды Орта-лық мемлекеттік кинофотоқұжаттар және дыбыстық жазбалар архиві иеленіп отыр. Қазіргі күні архив ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы еліміздің тарихынан хабар беретін және оған қызығушылық танытқандардың барлығына саяси, экономикалық, қоғамдық, мәдени аспекті-лері бойынша әртүрлі материалдық тасымалдағыштарда ретроспективті ақпаратты пайдалану мүмкіндігін беретін бірегей аудиовизуалды құжаттардың өмір бойы сақталуын қамтамасыз етеді.

«Аудиовизуалды құжат» термині дыбыстық және бейнелеу ақпараты бар құжаттар үшін жинақтаушы болып табылады, яғни төрт түрлі құжаттарды, кино-, фото-, фоно, видеоқұжаттар. Олардың тарихи маңыздылығы елдің өмір сүру процесінің қиын да күрделі тұстарын, басқа қор-ларда жоқ ақпаратты қамтуы. Бұл құжаттарсыз жаңа заман тарихы толыққанды және объективті түрде зерттеле алмайды.

Шындығында аудиовизуалды деректер өзіндік тілімен, әлеуметтік ақпаратты жеткізу жүйесі-мен, өмір ағымының сәттік бейнелерін шынайы жеткізе алатындығымен ерекшеленеді. Сонымен қатар аудиовизуалды құжаттар ақпараттық-насихат, әлеуметтік, танымдық, эстетикалық сипатта бірнеше өзара байланысты функцияларды атқарады. Аталған ерекшеліктерімен қатар, пайда болуы, жасалу техникасы, пайдалану жүйесі мен ортасына байланысты бұл құжаттардың тағы бір өзіндік қыр-сыры бар. Ол «кинофотофоноқұжаттар» деген жинақтаушы терминнің негізінде архивтану саласында жиі қолданылады.

Ұлттық архив қорының құрамына кіретін кинофотофоноқұжаттар нақты тарихи дереккөздердің бірі болып табылады, оның көмегімен нақты шындықтың оқиғалары мен фактілерін көрнекі және бейнелі түрде ұсынуға болады

Материалдары Тарихнамалық деректер тобында монографиялық еңбектердің орны ерекше. Солардың бірі ретінде В.М.Магидовтың «Кинофотофонодокументы в контексте исторического знания» монографиясы мен бірнеше ғылыми мақалаларын атауымызға болады [2]. Ал Қазақстанда салыстырмалы түрде еліміздің архивтері туралы монографиялық зерттеу еңбектері аз. Солардың ішінде көлемді де маңызды еңбектер ретінде архивтанушы-ғалым Г.А. Сексенбаева-ның монографиясы мен оқулықтары, диссертациясы мен оқу құралдарын ерекше атап өтеміз. Қазақстандағы архив ісі тарихына арналған тарихшы А.Ахметтің зерттеулері негізіндегі көлемді монографиясы да маңызды тарихнамалық дерек ретінде талданады [3].

Зерттеу әдістері. Қазақстандағы архивтану ғылымы тарихнамалық тұрғыдан бүгінгі таңға дейін кешенді түрде зерттелмегендігін ескере отырып, тарихи-ретроспективті, салыстырмалы-сараптамалық, айқындау, қорытындылау сияқты әдістер басшылыққа алынды. Әсіресе Кеңес үкіметі орнап, 1918 жылдан бастап архив ісін ұйымдастыру мен қорларын құру Ережесінен кейін жасалған жұмыстар тарихына қатысты мәселелер, тарихнамалық сұрыптаудан өткізіліп жаңа сыни көзқараспен бағамдалды.

Нәтижелері.

ҚР ОМ КФДЖ архивінің құрылуы мен қалыптасуы экономикалық және саяси жағынан ең қиын кезеңге сәйкес келді.

Осы кезеңдегі тарихнаманың негізгі мақсаты-социализмді әлемдік ауқымда құру қажеттілігінің көрінісі және кеңестік қоғамды милитаризациялау бойынша жүргізілген іс-шараларды иеологиялық қамтамасыз ету болды. Қазіргі уақытта архивтік зерттеу қызметінің нәтижелері кинофотоқұжаттарды кеңестік кезеңде «қорқынышты насихат қаруы» ретінде пайдаланылған тарихтың «жаңа» дерек көзі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Кинофотофоноқұжаттарды зерттеу 1960 жылдардың басынан жандана бастады деп айтуға толыққанды негіз бар.

В.П. Михайловтың «КСРО-да кинофотоқұжаттық материалдарды ұйымдастыру тарихы (1917-1941 жж.)» диссертациясының киноқұжаттарды, атап айтқанда олармен профильді архив-терді толықтыру мәселелерін зерттеуі біздің жұмысымыз үшін белгілі бір маңызға ие [4].

Жұмыста нақты материалдардың көп болуы қызығушылық тудырғанымен, біздің ойымызша, алғашқы кеңестік киноқұжаттарының түпнұсқаларын жоғалту себептерін жеткілікті түрде көрсетпеген. Бұл алғашқы монтаждың сақталу ережелерінің бұзылуына, Ұлы Отан соғысы жыл-дарында және соғыстан кейінгі алғашқы жылдары құжаттардың сақталуы мен архивке сақтауға уақытында беру мәселелерінің шешілмеуіне байланысты болды.

«Теория и практика архивного дела в СССР» оқу құралының арнайы тарауында кинофотофоноқұжаттарды бағалаудың қолданыстағы тәжірибесі, оларды сақтау технологиясы және архив қоймаларын жинақтау мәселелері көтеріледі [5]. Сонымен бірге, архивке тұрақты сақтауға хроникалық-деректі фильмдер, киножурналдар, арнайы шығарылымдар жеке деректі түсірілім-дер түсуге тиіс. Архив қорларына ғылыми-көпшілік және оқу фильмдерінен өздерінің ақпараттық құрамдас бөлігі бойынша маңызы бар деректі фильмдер түсетіндігін нақтылап кеткен.

А.А.Кузиннің кинофотофоноархивтері туралы жазған еңбегінде кинофотофоно архивтердің құрылуының теориялық және тәжірибелік маңыздылығына, архивтердің жинақталуы, жүйеленуі, кинофотофоно құжаттарды пайдалану және оларды сақтау мәселелерін көтерген [6]. Онда аудиовизуалды құжаттардың теориясы мен практикасының негізгі мәселелерін жүйелі түрде ұсынуға әрекет жасалды, соның ішінде архивтерді осы көздермен жинақтау мәселелері көтерілді. Автордың пікірінше, қоғам барлық деректі, көркем емес фильмдер мен кинотаспаларды сақтауы керек. Кинофотоқұжаттарды бағалаудың негізгі принциптерін тұжырымдай отырып, автор олардың мазмұны мен тіркелген оқиғалардың формаларын зерттеуді ұсынады. Мазмұны объект бөліктерінің жиынтығы және олардың өзара әрекеттесуі, ал формасы мазмұнның ішкі ұйымы ретінде анықталады, мазмұны мен формасы генетикалық бірлікті құрайды. аудиовизуалды құжат-тарды іріктеу мен бағалаудың

қиындығын баса айта отырып, зерттеуші: «Проблема эта может и должна быть решена с учетом особенностей кинофотодокументирования. При оценке кинофото-документов необходимо в первую очередь установить, каковы были цели документирования, содержание документируемого процесса, события, явления и объекта. Затем дать оценку содержанию, форма которого запечатлена в кино- или фото документе. Если содержание события или объекта не представляет интереса, то, вероятно, не может иметь значения и его форма, и такой документ не подлежит хранению. Если содержание представляет интерес, то надлежит хранению. Если содержание представляет интерес, то надлежит ответить на вопрос: насколько в данной форме отражается содержание и может ли она представлять основной интерес», - деп көрсетіп кетті [6, С.48]. А.А.Кузин құжаттардың бұл түрлерін дәстүрлі қағаз құжаттармен жүргізілетін жұмыстар тұрғысынан қарастырды. Онда автор архивтерді жинақтау кезінде ешқандай бағалау критерийлерін бөліп көрсетпеді, бұған архивтану ғылымында мұндай критерийлер әлі әзірленбегендігі түрткі болды.

И.П.Козлитиннің еңбегінде 1943 жылы қаңтарда Алматы қаласында құрылған Орталық мемлекеттік кинофотофоноқұжаттар архиві 1957 жылы Қазақ КСР-нің Орталық мемлекеттік архивіне бірігіп, оның бір бөлімі ретінде қызмет атқарғандығы жайлы сөз етеді [7]. Автор, 1943 жылы кинофотоқұжаттардың мемлекеттік архиві құрылғанға дейін деректі материалдардың осы «жаңа» түрлерін жинау мәселесіне тиісті көңіл бөлінбегенін алға тартады. Архивке келіп түскен материалдар негізінен кеңестік кезеңді қамтығанымен, бірқатар революцияға дейінгі материалдарды да көруге болады. Архив Қазақстанның өндірісін, өнеркәсібін, ауылшаруашылығын, қазақ ауылының болмысын, қазақ халқының мәдени және ағартушылық тарихынан, тарихи ескерткіш-тер, ұлт азаттық көтерілісі кезеңінен, азамат соғысы, Ұлы Отан соғысы жылдарынан хабар беретін фото материалдармен толықтырылды. Сонымен қатар, Қазақ КСР-нің қоғамдық-саяси өмірінен хабар береті фотосуреттер, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан еңбекшілерінің соғысқа көмегі жайлы мәліметтер жинақталған. Ал, архивтің киноқұжаттары Алматы кино-хроника студиясынан алынды. Мұнда киножурналдар, кино очерктері және деректі фильмдер бар. Аталған еңбектен кинофотофоноқұжаттық архив туралы, ондағы құжаттар жайлы көптеген мәліметтер алғанымызбен, таптық көзқарасты да кездестіреміз. «Документы показывают превращение, в прошлом отсталого кочевого сельского хозяйства Казахстана в самое передовое хозяйство в мире» - деп өз көзқарасын да көрсетіп кеткен [7, С.93].

Қазақстандағы кинофотоархивінің құрылуы туралы ғылыми мақалалар да баспа беттерінде жарық көріп отырды. 1969 жылы Қазақ КСР Орталық мемлекеттік архивінің ғылыми қызметкері А.П.Шоков архивті фоноқұжаттармен жабдықтау мақаласында Қазақ КСР ОМА-нің фоноқұжаттармен жинақталу тарихына тоқталған [8].

Мақалада, кинофотоархивіне қатысты материал болмағанмен, ҚКСР ОМА-не жинақталған фоноқұжаттар жайында материалдар берілген. 1965 жылы мамыр айында Қазақ КСР-нің кинофотоқұжаттар бөліміне республиканың қоғамдық, саяси және мәдени өмірінен хабардар етіп отыратын фоноқұжаттарды жинақтау мен жариялау жұмыстарына жауапты штаттық бірлік енгізілгендігі туралы хабардар етеді. Архивті фотоқұжаттармен жинақтауды бастау үшін мемлекеттік сақтауға тапсырылатын хроникалық-деректі және көркем дыбыс жазбаларының тізбесі болуы қажет болды. Дыбыс жазуды жүзеге асыратын мекемелердің тізімі жасалып, құнды материалдарды жариялау мақсатында дыбыстық жазбалардың мазмұны мен құрамы зерттелді. Нәтижесінде, 1966 жылдан 1968 жылға дейін үздіксіз материалдармен толықтырылып отырылғандығын көрсетеді [8, С.104]. Біз бұл мақаладан кинофотоқұжаттардың республиканың саяси және мәдени, қоғамдық өміріндегі маңыздылығын білуімізге болады.

Бұл архивтің тарихи құжаттармен жабдықталуында Орталық Атқару Комитетінің және Қазақ АКСР-нің Халық Комиссарлар Кеңесінің 1928 жылғы 8 – қыркүйектегі «Қазақ орталық архивіне баспа және иллюстративті материалдарды, негативтерді, фотосуреттерді және тарихи-революциялық кинофильмдерді, сонымен қатар бұрынғы хандардың, сұлтандардың, белсенділердің және Алаш Орда үкіметін жақтаушылардың архивтерін және басқа да архив

материалдарын беру тура-лы» жарғысы басты рөлді атқарды. Құжатта сонымен қатар, барлық мекемелердің, кәсіпорын-дардың, құрылымдар және жеке тұлғалардың әлеуметтік-саяси құбылыстар мен тарихи-ақпарат-тық маңыздылығы бар кинофотоқұжаттардың негативтерін тапсыру қарастырылды. Бұл жарғы-ның нәтижесінде 1928-1929 жылдары Орталық архивке 300-ге жуық фотосуреттер келіп түсті.

Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік кинофотофоно және дыбыстық жазбалар архивінің қалыптасуы мен құрылуы экономикалық және саяси жағдайлардың күрделі кезеңдеріне сәйкес келеді. Кинофотоқұжаттарды бұл кезеңдерде «насихат жасаудың құралы» ретінде пайдаланды - деп өз жұмысында Ф.П.Шевченко көрсетіп кеткен [9].

В.М.Магидовтың жазған ғылыми мақаласы КСРО мемлекеттік архив қорындағы қазан революциясы кезеңіндегі материалдар жайында жазылғанымен Қазақстан Республикасының кинофотофоноархивінің құрылуына тікелей әсер еткен Декреттар жайлы мәліметтермен қатар КСРО құрамына енген мемлекеттердегі кинофотофоно архивтердің құрылуы жайында біраз мәліметтер алуға болады [10]. В.М.Магидов келесі бір мақаласында кинофотофоноқұжаттарды дерек ретінде қарастырған мақаласында кинофотофоноқұжаттардың деректануы пәніне анықтама бере отырып, бұл деректердің ерекшелігі мен олардың жіктелуін қарастырып өтеді [11].

Архивтарды анықтау және кинофотоқұжаттармен толықтыру қажеттілігі ХХ ғасырдың 20-жылдарына жатады. Осы турасында Т.Хорхордина өз еңбегінде атап өтеді [12]. 1921 жылы 29 қыркүйек пен 3 қазан аралығында болған архив қызметкерлерінің I Жалпыресейлік конференция-сында алғаш рет «қазіргі дәуірдің бір немесе басқа сәті туралы толық түсінік беруі керек фотографиялық материалдар мен кинематографиялық таспалар» үшін арнайы репозиторийлер құру қажеттілігі туралы мәселе көтерілді, олар «өте құнды ... дәуірдің тірі иллюстрациясы ретінде», - деп аудиовизуалды құжаттарға баға беріп өтті [12, С.123].

2001 жылы жарық көрген В.А.Еремченконың ТМД мемлекеттік архивтерінің аудиовизуалды құжаттармен жұмысының негізгі мәселелері тақырыбындағы мақаласында архивтердегі аудио-визуалды құжаттардың жұмысын нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету жұмыстарына, архив-терді аудиовизуалды құжаттармен толықтыру, құжаттарды сақтауды қамтамасыз ету мәселелерін салыстырмалы түрде көрсетіп өткен [13]. Мақалада тоғыз республиканың аудиовизуалды құжат-тармен жұмыс жасау жағдайына сипаттама бере келе, Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік кинофотофоно архивінің жұмысына ерекше көңіл бөлініп, жақсы баға беріліп өткен. Қазақстан Республикасындағы архивтердің аудиовизуалды құжаттармен жұмысының норматив-тік-құқықтық актілері туралы құқықтық актілердің қолданылуы барлық архивтерге бірдей екендігі айтылады. Құқықтық актілердің негізінде мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымдардан аудиовизуалды құжаттарды іріктеу мен сақтауға қабылдауды мемлекеттік архивтер көп жағдайда ведомстволық сақтаудың үш жылы өткеннен кейін жүргізеді [13, С.4]. Бұдан басқа, архив ісін басқару органдарының барлығы дерлік аудиовизуалды құжаттарды іріктеу, қабылдау және сақтауды қамтамасыз ету бойынша салалық өкімдік құжаттарды дайындайтындығын көрсетеді.

Сонымен қатар ТМД елдеріндегі архивтерді жинақтау процесін талдай келе, 2001 жылғы жағдай бойынша аудиовизуалды құжаттарды жинақтау мәселесінде Қазақстан үшінші орынды иеленетіндігін айтады. 1991 жылмен салыстырғанда аудиовизуалды құжаттарды архивтерде жинақтау мәселесі бойынша ТМД елдерінің ішінде Қазақстан архивтеріндегі құжаттарды жинақтау жұмыстаы 68 пайызға көтерілгендігін жазады [13, С.7] Осы берілген мәліметтерге сүйене отыра Қазақстан архив мекемелерінің қызметтерінің жоғары деңгейде жүргізілгендігін айғақтайды.

Осы бағыттағы жұмыстардың бірі ретінде Ресейдің атақты архивтанушысы В.М.Магидовтың «Кинофотофонодокументы в контексте исторического знания» монографиясын атауымызға болады [2]. Жұмыста алғаш рет аудиовизуалды тақырып бойынша ғылыми зерттеулер жинақ-талған. Аудиовизуалды құжат ұғымына тереңірек түсініктеме беріп өтеді. Оның айтуынша, аудиовизуалды құжат көркемдік, көркемдік-дыбыстық, көркемдік ақпараттық құжаттарды жинақ-таушы мағынасында пайдаланылады. Бұл жұмыстың

аудиовизуалды құжаттармен жұмыс жасайтын және архивист маман кадрларды даярлауда маңыздылығы зор екендігін атап кетсек болады. Кинофотофоноқұжаттарын мемлекеттік сақтауды реттеу және кинофотофоноархив жүйесін кеңейту үшін 1941 жылғы КСРО-ның Мемлекеттік архив қоры туралы Ережесінің маңыздылығына тоқталады. 1941 жылдың тамыз айында Республикалық Орталық мемлекеттік кинофотофоноқұжаттар архиві туралы типтік Ереженің бекітілгендігін айта келе, 1940 жылдардан бастап бірқатар одақтас республикаларда, оның ішінде Қазақстанда кинофотофоноархивтердің құрылғандығын көрсетеді [2, С.100]. Еңбекте, архивтану мен деректану бір-бірімен тығыз байланыстылығын нақтылай отыра, кинофотофоноқұжаттарды зерттеу барысында архивтанулық және деректанулық тәсілдің қарым-қатынасын ашып көрсетеді. Сонымен қатар еңбекте аудиовизуалды тақырыптар бойынша және деректанулық талдауларды архив тәжірибесінде пайдалану мәселелері ғылыми зерттеу тұрғысында алғаш рет қарастырылды.

В.М.Магидов өзінің «Кинофотофонодокументы по истории отечественной культуры» [14], «Кинофотофонодокументы по истории науки и техники» [15] атты мақалаларында фотосуреттерге, киноларға және фоноқұжаттарға жылдам шолу отандық тарихтың шашыраңқы эпизодтарын көрнекі түрде көруге және естуге мүмкіндік береді, - деп бағалап кетеді [15, С.94]. Оқиғаларды танудың қайнар көзі ретінде кинофотоқұжаттардың сөзсіз маңыздылығы мен бірегейлігін, олардың мазмұндық жағын ашып көрсетуге тырысқан. Мемлекеттік архивтерде, салалық ведомстволық қорларда және кітапханаларда, мұражайларда сақталған кинофотофоноқұжат-тардың құрамы мен мазмұнына жүргізілген талдау оларды үлкен тақырыптық кешендерге біріктіре отырып қарастырған жөн екенін көрсетті.

«Архивное строительство в Казахской ССР (1918-1980 гг.)» еңбегінде Қазақ КСР-нің 1943 жылғы 27 қаңтардағы Қаулысымен Алматыда жаңа архив мекемесі Орталық мемлекеттік кинофотоқұжаттар мен дыбыстық жазбалар архивінің құрылғандығы, оған бөлінген штат бірлік және жұмысқа қабылданған қызметкерлер туралы мәліметтер ала аламыз [16, С.119]. Архивтің құрылуына 1941 жылдың 29 наурызында бекітілген «КСРО-ның Мемлекеттік архив қоры және мемлекеттік архивтер жүйесі туралы Ережесінің» тікелей әсері болғандығын көреміз. Мұндай архивтің құрылуы қоғамның аудиовизуалды деректерде көрініс тапқан тарихқа деген қызығушылығының артуы деп қарастыруымызға болады.

1957 жылы 12 қазанда Қазақ КСР-нің Министрлер Кеңесінің Шешімімен республикадағы архивтер: Қазақ КСР-нің Қазан революциясы және социалистік құрылысы Орталық мемлекеттік архиві, Қазақ КСР-нің Орталық мемлекеттік тарихы архиві, Қазақ КСР-нің Орталық мемлекеттік фотофонокиноқұжаттары архиві бірігіп, республиканың Орталық мемлекеттік архиві болып бекітілді [16, С.136]. Аталған архивтер біріктірілгенімен мұндағы қордаланып қалған мәселелерді шешуге мүмкіндік бермегенін байқауымызға болады. 1964 жылы 6 қаңтарда республика басшылығы «Қазақ КСР-індегі архив ісін жақсарту туралы» кезекті құжаттың қабылданғанынан көруімізге болады [16, С.179]. Осы құжаттан кейін ғана аудиовизуалды деректерге көңіл бөліне бастағандығын көрсетеді. 1974 жылы 7 ақпанда Үкіметтік қаулымен Қазақ КСР-нің Министрлер Кеңесі жанындағы Бас архив басқармасының Қазақ КСР-нің Орталық мемлекеттік кинофото-фоноқұжаттар және дыбыстық жазбалар архивін құру туралы ұсынысы қабылданды. Қайтадан құрылған архив республиканың Орталық архивінің ғимаратының бір бөлігін иеленгендігі туралы да мағлұматтар берілген. Еңбектің маңыздылығы жинаққа 1918-1980 жылдар аралығындағы 110 құжат енгізілген. ҚР ОМ кинофотофоноқұжаттар және дыбыстық жазбалар архивінің құрылуы, құжаттардың жинақталу және сақталу мәселелері бойынша мәліметтер келтірілген.

Архивтің құрылғанынан бастап жинақтау, сақтау және аудиовизуалды деректерді пайдалану жұмыстарының жүргізілгенігін байқаймыз. Бұл туралы біз архив қорындағы 1944 жылғы архив жұмысының есебінен көруімізге болады [17]. Сурет бөлімі сол уақыттағы маңызды құжаттар – Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен батырлары туралы фотоматериалдарды жинақтаумен және жариялаумен айналысты, оларды сақтау үшін Алматы облыстық архивінен орын бөлінді. Қысқа уақыт ішінде архив қызметкерлері Ұлы Отан соғысы батырлары туралы: Панфилов, Б.Момышұлы, Елокова және т.б. туралы материалдарды

жинақтай алды. Сонымен қатар архив қоғам үшін құнды деген материалдарды жинақтау, жариялаумен де айналысты. 1944 жылы «Социалистік Қазақстан», «Казахстанская правда» газеттерінен, Қазақ геологиялық басқарма-сынан, Қазақ мемлекеттік университетінен және т.б. жоғалып кету қаупі бар 13273 фотокүжатты қабылдады [18].

Аудиовизуалды күжаттардың маңыздылығы және Орталық мемлекеттік кинофотокүжаттар архивінің құрылуы және қызметі туралы А.Ф.Сеитованың да мақаласынан көре аламыз [19]. Мақалада, кинофотокүжаттардың және дыбыстық жазбалардың тарихи дерек ретіндегі маңыздылығына тоқтала келе: «Благодаря своим специфическим свойствам аудиовизуальные документы обладают самостоятельным, ни с чем не сравнимым информационным качеством они могут существенно дополнить или полностью заменить письменные источники, являясь зачастую единственным адекватным доказательством существования определенных явлений и процессов действительности», - деп баға беріп өткен [19, С.62]. Сонымен қатар алғаш рет Республикада, яғни Алматы қаласында (бұрынғы Верный) алғашқы кино көрсетілімінің орын алуы (1910 жылы), 1928 жылдан бастап хроникалық түсірілімдердің көрсетіле бастағандығынан (Алматыға алғашқы поездың келуі туралы деректі фильм) хабар береді. 1943 жылы кинофотокүжаттар архивінің құрылуы қиын кезеңге сәйкес келгенімен тарихи күжаттарды сақтауға және ұлттық кинофондтың жоспарлы, мақсатты қалыптасуы туралы жұмыстар атқарылғандығын атап өтті. «Кино-документы обладают помимо богатейшей исторической, этнографической информационной насыщенности, еще и потрясающей силой эмоционального воздействия», - деп кинокүжаттар туралы өз көзқарасын да көрсетіп өтті [19, С.63]. Мақалада архив қорындағы кинокүжаттардың қатарында Азамат соғысына қатысушылар, Ұлы Отан соғысының батырлары, ғылым, білім және қоғам қайраткерлері, мемлекеттік қызметкерлері туралы портреттік фильмдер туралы ақпараттар айтылған.

Профессор Г.А.Сексенбаеваның Қазақ КСР Орталық мемлекеттік кинофотокүжаттар архивінің құрылуы мәселесі жайында жазылған мақаласында архивтің құрылуынан бастап тәуелсіздікке дейінгі кезеңдегі мәселелеріне тоқталған [20]. Архивті ұйымдастыру билік тарапынан ешқандай материалдық және қаржылық қолдаусыз жүрді. Республикалық (ұлттық) мәртебесі бар архивке қалыпты жұмыс істеуі үшін ғимарат, жабдық, техникалық құралдардың бөлінбеуі, аудиовизуалды күжаттармен жұмыс істеу технологиясын реттейтін архив заңының, нормативтік-әдістемелік күжаттарының жетілмегенділігі, жоғары білімді мамандардың жоқтығы, архив жұмысшыларының әлеуметтік-экономикалық жағдайының төмендігі және бұл проблемалар ұзақ уақыт бойы күн тәртібінде өткір мәселе болып тұрғандығын сөз етті. Қарастырылған төрт бөлімнің орнына (фото, кино, фоно және әкімшілік бөлімдер) бастапқыда тек біреуі ғана, яғни фото бөлімі жұмыс істеді. Нақты жағдайды есепке алмағанда, жаңадан ұйымдастырылған архивке фотокүжаттарды ғана емес, кинофонокүжаттарды да қабылдау жоспарлары белгіленді – деп архивтегі мәселелерді де кеңінен көтеріп өтеді [20, С.95]. Мақалада, архивтің ұйымдастырушылық кезеңдеріне және мынадай кезеңдік дамуына көңіл бөлінген: 1943 жылдан 1957 жылға дейін; 1957-1974 жылдар арасы (бұл кезде Қазақ КСР-ның Орталық Мемлекеттік архивінің бөлігі ретінде өмір сүрген, ал үшінші кезеңі 1974 жылдан бастап 1991 жылға дейінгі өзіндік құрылымы ретінде қалыптасқан кезеңі. Осы кезеңдердегі архивтің елеусіз болуы, жылдап шешілмеген қиындықтар 1980 жылдың аяғында тығырыққа тіреліп, архив саласында түбегейлі реформалардың қабылдануын талап етті деп көрсетті.

Кинофонофотокүжаттары жайлы өз кезегінде ҚР ОМ КФДЖ архиві қызметкерлері де кәсіби көзқарастарын ғылыми жұмыстарында көрсетіп өткен. ҚР ОМ КФДЖ архивінің директоры А.Ф.Сеитова архив күжаттарын, атап айтқанда киноқорларындағы күжаттар ел тарихына тікелей қатысы бар күжаттар ретінде қарастырады [21]. «Сол уақыттың кейіпкерлері камера үшін арнайы ойнаған жоқ. Мұндай күжаттар – тарихтың нақты іздерінен хабар береді. Ол біржағынан тамаша болғанымен, бір жағынан қорқынышты», - деп көрсетіп кетеді [21, С.4].

Кеңес дәуірінде кинофотфонокүжаттарды деректанулық және архивтанулық тұрғыдан зерттеу соғыстан кейінгі жылдарда басталды деп айтуға болады. Архивтанулық ғылыми талдамалар оқу құралдары, ғылыми мақалалар және әдістемелік құралдар негізінде жарық

көріп отырды. Ал Қазақстанда, ҚР ОМ КФДЖ архиві кинофотоқұжаттарын зерттеу мәселесіне келсек, Г.А.Сексенбаеваның тарих ғылымдарының докторы ғылыми атағын алу үшін жазылған диссертациясының қолжазбасында аудиовизуалды құжаттардың тарихи деректік маңызы жан-жақты талданады [22]. Аталған жұмыс ҚР ОМ КФДЖ архив кинофотоқұжаттарын деректанулық тұрғыдан зерттеген тұңғыш туынды болып табылады. Диссертацияда архив қорларына, қалыптасу тарихына, оның ішінде тәуелсіздік кезеңіне жан-жақты шолу жасалады. Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесінің 1943 жылғы 27 қаңтардағы қаулысымен Алматыда ерекше маңызға ие фотофонокиноқұжаттардың орталық мемлекеттік архиві ұйымдастырылады [22, С.58]. Қазақстанның мемлекеттік архивтері 70 жыл бойы тоталитарлық жүйе құрған жобаның шеңберіне сәйкес қызмет ете отырып, заңдарына бағына отырып, мемлекеттік құрылымның ресми құжаттарын сақтауды және пайдалануды қамтамасыз етті. Архив саласы қоғам өмірінің басқа салалары сияқты, ол да саясиланды және архивтердің қол жетімділігі, ашықтығы сияқты мәселелер негізге алынып отырды. Бірақ, архив тарихының тек кері жағын ғана айтуға болмайды. Кеңес үкіметінің алғашқы және одан кейінгі декреттері құжаттық байлықтарды, олардың шығу уақытына қарамастан сақтауға бағытталды, - деп баға беріп өтті [22, С.70].

С.А.Сатаеваның тарих ғылымының кандидаты ғылыми атағын алу үшін жазылған диссертациясында Қазақстан Республикасының кинофотоқұжаттары және дыбыстық жазбалар мемлекеттік архивінің құжаттарын Қазақстан тарихының дерегі ретінде қарастырған [23]. Диссертацияда Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік кинофотоқұжаттары және дыбыстық жазбалар архивінде Ұлы Отан соғысы кезеңіне тән кинофотоқұжаттарға кешенді түрде зерттеу жасалынған.

Фотоқұжаттар Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейін республикалық радио Комитет пен телестудиядан ҚР ОМ КФДЖ архивіне келіп түсе бастады. Сондықтан да бұл жұмыстың негізгі зерттеу көздері соғыс басталған алғашқы күндерден бастап кейінге қалдырыла бастаған кинофотоқұжаттар болып табылады. Автор жұмысты жазу барысында қазіргі қоғамдағы тарихи жадтың маңыздылығына, архивтанудың теориясы мен әдістемесінің қазіргі жай күйін және кинофотофоноқұжаттардың деректануын ескере отырып деректік базаны кеңейту қажеттілігіне, ҚР ОМ КФДЖ архивіндегі кинофотоқұжаттарының құрамы мен мазмұнын, олардың шығу тегі, толықтығы және дұрыстығын айқындау мен бағалаудың маңыздылығына тоқталған. Жұмыста автор, «Сегодня возможность их использования имеет особое научное значение, так как позволяет открывать новое в использовании кинофото документов как исторического и архивного источника», - деп маңыздылығын да көрсетіп өткен [23, С.10]. Диссертация жазу барысында ҚР ОМ КФДЖ архивінде сақтаулы 1941-1945 жылдарға тән 1750 фототүсірілімдемені, оның ішінде жұмысқа тікелей қатысы бар 49 фотоқұжат зерттелгендігін алға тартады. Сонымен қатар, 121 киноқұжатқа, оның ішінде киножурналдардың 39 номеріне және Ұлы Отан соғысы жылдарында және соғыстан кейінгі жылдары құрылған 11 деректі фильмге талдау жасалғандығын көрсеткен.

Д.Б.Асымова да өзінің «XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Алматы қаласының күнделікті өмірінің кинофотофоно құжаттарының көрінісі» деп аталатын философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясында осы мәселеге қатысты мәліметтер алуымызға болады [24]. Диссертацияда аудиовизуалды құжаттардың орны мен маңыздылығына, дерек ретіндегі ерекшеліктері мен жіктелуіне, осы кезеңдегі қала тұрғындарының күнделікті өміріндегі экономикалық, мәдени өзгерістерінің кинофотофоноқұжаттарда көрініс табу мәселесіне тоқталған. Автор еңбегінде XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Алматы қаласының күнделікті тарихын суреттеу мақсатында кинофотоқұжаттарында бейнеленген суреттер мен кадрлар негізінде оның әлеуметтік-экономикалық ахуалын, тұрғындарының жағдайын көрсетуге тырысқан. Себебі, киноқұжаттар өзінің ерекшелігі, сондай-ақ құрылымы бойынша күрделі, кешенді тарихи дерек көзі болып табылады. «Тарихи дерек тұрғысынан аудиовизуалды құжаттар анық және қайталан-бас дерек көздеріне жатады», - деп автор баға беріп өткен [24, 43 б.]. Сонымен бірге, зерттеу еңбегінде

екі мәселені, яғни сол уақыттағы қала халқының күнделікті өмірі болса, екіншісі кинофотофоноқұжаттарды дереккөз ретінде негізге алған.

Отандық архивтанушылардың ішінде шоқтығы биік профессор Г.А.Сексенбаеваның мақалаларының ерекшелігі, архивтің құрылуы, дамуы, қызметтері ғана емес, аудиовизуалды құжаттардың дерек ретінде пайда болуы, оның деректанушылық аспектілері, жіктелуі және т.б. мәселелерді көтереді. Сондай мақаланың бірі Д.Б.Асымовамен бірлесіп жазған киноқұжаттардың деректанушылық аспектілері мақаласы [25]. Мақалада, киноқұжаттардың ерекшелігі, құрылымы және кешенді тарихи деректер көзі ретінде қолданылуы жайлы көтеріледі. Сонымен қатар, киноқұжаттардың нақты өмірдің деректері, оқиғалары, құбылыстары туралы кешенді дыбыстық бейнеақпарат береді.

Г.А.Сексенбаева кинофотофоноқұжаттар жайында жазған оқу құралында аудиовизуалды дереккөздерінің өзіндік тілі, ақпаратты берудің ерекше жүйесі, шындықты бейнелі түрді көрсетуде ерекше мүмкіндіктерінің бар екендігін айтады [26]. Бүгінгі таңда қоғамның рухани өміріндегі аудиовизуалды құжаттардың рөлін, оның көпшілік аудиторияға идеологиялық және моральдық эстетикалық әсерін асыра бағалау қиын екендігін жасырмайды. Автор: «Преимущество аудиовизуальных документов по сравнению с традиционными (бумажными), является бесспорным фактом, так как они не только обеспечивают адекватное фиксирование и тиражирование образной и звуковой информации, но и обеспечивают эмоциональную основу, эффект присутствия при восприятии информации» - деп баға беріп кеткен [26, С.4]. Бұл оқу құралы аудиовизуалды құжаттардың деректануы мен архивтануының теориялық, әдістемелік және ұйымдастырушылық-практикалық мәселелерін кешенді біртұтас жүйе ретінде қарастыруымен маңызды болып отыр. Автор оқу құралының бірінші бөлімінде аудиовизуалды құжаттардың дерек ретіндегі ерекшеліктеріне тоқталады. Фото пен киноның пайда болуымен, соған сәйкес кинофотоқұжаттардың тарихи дерек ретінде қарастырылатынын көрсетеді. Оқу құралында аудиовизуалды дереккөздерді, қолда бар жетістіктерді талдауға тырысады, негізінен ресейлік зерттеушілерді зерттеудегі, олардың деректануы дереккөздердің осы түрлерінің танымдық мүмкіндіктеріне қатысты айтарлықтай тәжірибеге ие екендігін атап өтеді. Екінші бөлімі, аудиовизуалды деректерді, яғни фотоқұжаттарды, киноқұжаттарды, фоноқұжаттарды жіктеуге арналған. Үшінші бөлімі аудиовизуалды құжаттарды деректанулық зерттеу деп аталады. Бұл жерде фотоқұжаттардың, киноқұжаттардың, фоноқұжаттардың деректанулық аспектілеріне тоқталады. Кинофотоқұжаттардың дәстүрлі деректермен ұқсастығын сипаттайтын жалпы белгілер, ең алдымен, Аудиовизуалды құжаттар адамның іс-әрекеті нәтижесінде қалыптасып, осы қоғамға тән белгілі бір саяси және идеологиялық көзқарастардан тарихи шындықты бейне-лейтіндігімен ерекшеленеді деп сипаттама беріп өтеді. Ал, төртінші және бесінші бөлімдері біздің жұмысымызға тікелей қатысы бар ҚР Орталық мемлекеттік кинофотоқұжаттар және дыбыстық жазбалар архивінің тарихына және аудиовизуалды құжаттардың ретроспективті ақпараттардың дерегі ретіндегі маңыздылығына арналған. Төртінші бөлімінде архив тарихын екі кезеңге бөліп қарастырады. Қазақ КСР-нің Орталық мемлекеттік кинофотоқұжаттар және дыбыстық жазбалар архивінің қалыптасуы мен дамуын 1940 жылдан бастап 1980 жылдардағы тарихына және ҚР Орталық мемлекеттік кинофотоқұжаттар және дыбыстық жазбалар архивінің тәуелсіздік жыл-дардағы қызметін зерттеуге бағытталған. Мәселенің маңыздылығы отандық архивтануда архив ісінің, архивтардың тарихын зерттеу және ұйымдастыру саласындағы зерттеулердің аз болуымен байланысты екендігін де ескертіп өтеді. Кеңес мемлекетінің алғашқы және кейінгі актілері, ең алдымен, олардың құрылған уақытына қарамастан, құжаттық байлықты сақтауға бағытталғандығын айтады. 1921 жылы құжаттамалық дереккөздерді шоғырландыру бойынша мақсатты жұмысын бастаған орталық өлкелік архивтің құрылуы сөзсіз оң нәтиже екендігі белгілі. Тоталитарлық мемлекеттің қатаң саясатына қарамастан архив ісі саласындағы, Қазақстандағы архив мекемелерінің құрылуына түрткі болған, қызметін реттеп отыратын нормативтік құжаттарға, қабылданған декреттер мен ережелерге кеңінен тоқталады. 90-шы жылдардың басындағы саяси ахуал мен экономикалық жағдай архив ісі қызметіне де әсер етпей қоймады. Бұл сала 1998 жылдың соңына дейін алдыңғы кезеңде әзірленген заңнамалық база шеңберінде

жұмыс істеді. Дегенмен, 90-жылдардың басында Қазақстан үкіметі архивтік кешендеріне қатысты бірқатар қаулылар қабылдады. Архив саласының жұмыс істеуінің принципті процестерін ескеретін жаңа заңнамалық базаның ұзақ уақыт болмауы ретроспективті құжатты қалыптастыру мен реттеудің көптеген проблемаларына әкелді. Мемлекеттегі архив ісін басқару мен реттеу ұйымдары өзгеріп отырды. Елдегі архив ісі қызметін реттеу механизмі дұрыс жолға қойылмағандықтан ол ең біріншіден, қаржыландыруға, материалдық-техникалық базаға, осы салада білікті кадрлардың жеткілікті санының болмауына алып келді.

Г.А.Сексенбаева келесі орталық мемлекеттік кинофотоқұжаттар және дыбыстық жазбалар архивінің тарихы туралы жазған оқу құралында аудиовизуалды құжаттардың жалпытеориялық, тарихи, деректанулық және архивтанулық мәселелерді көтереді [27]. Сонымен бірге, архив ісінің тарихы - гуманитарлық білімнің қажетті элементі болып табылады және тарихшының кәсіби деңгейін арттыруға ықпал етеді деп көрсетеді. Архив ісінің тарихы-тарих ғылымы, тарихнама және де арнайы (көмекші) тарихи пәндер саласына кіретін көптеген мәселелерді қозғайды. Қазіргі отандық архивтер, онда сақталатын құнды құжаттардың жинақтары бойынша, мамандарды даярлау деңгейі бойынша басқа дамыған елдердің архивтерінен кем түспейтін ғылыми-зерттеу мекемелері болып табылатындығын айтады. Автор, оқу құралында: «Знание истории, теории и практики архивного дела, современной организации архивного дела, умение работать с архив-ными справочниками и архивными документами, критически использовать информацию, почерп-нутую в них, в исследовательской работе - все это составляет важную часть профессиональной подготовки историка» - деп тарихшыларға қойылатын талаптарды атап көрсетті [27, С.7].

Еңбекте архив ісіне қатысты құжаттармен қатар архивқа республика аумағында жұмыс істей-тін әртүрлі мекемелердің, ұйымдардың, кәсіпорындардың және саяси, мәдени, тарихи маңызды-лығы бар жеке тұлғалардың жұмыс процесінде пайда болған кинофотофоноқұжаттарының да қабылданғандығын айтады. Архивке және архив қызметкерлеріне аудиовизуалды құжаттармен жинақтау, оларды есепке алу, сақталуын қамтамасыз ету, әртүрлі мақсаттарда кеңінен пайдалану сияқты үлкен кәсіби міндеттер жүктелгендігін ескертеді. Архивтің құрылғанынан бастап ұшыраған қиыншылықтарына қарамастан атқарылып жатқан жұмыстарына талдау жасалған.

Архивтанудың маңызды теориялық және практикалық міндеттерінің бірі, құжаттардың құндылық негіздерін әзірлеу және архив қорларын тарихи деректермен жүйелі түрде толықтыруды жүзеге асыру болып табылады. Бұл мәселені шешу әртүрлі уақыт кезеңдерінде қоғам дамуының объективті және жан жақты ақпараттық моделін құрудан тұрады. Архивтану ғылымы тұтастай алғанда архивтерді аудиовизуалды құжаттармен жинақтау негіздерін әзірлеуде елеулі жетістіктерге ие болып отыр. Архивтанулық зерттеулердің бұл бағыты архив материалдарын бағалау, іріктеу және кинофотофоноқұжаттарымен толықтыру мәселелері бойынша нормативтік-әдістемелік құжаттармен және ғылыми әдебиеттермен ұсынылып отыр. Профессор Г.А.Сексенбаева-ның аталған еңбегінде ХХ ғасырдың 20 жылдарынан бастап қабылданған кинофотофоноқұжаттарға байланысты нормативтік – құқықтық құжаттарға кеңінен тоқталған. Ол туралы еңбекте «нормативные акты 20-30-х годов определили методику работы с кинофото-документами и действовали вплоть до утверждения в 1941 году Положения о Государственном архивном фонде СССР, согласно которому и в нашей республике был организован Центральный архив кинофотофонодокументов», - деп жазылған [27, С.76-77]. Сол сияқты жыл сайынғы, сонымен қатар тәуелсіздік жылдарында қабылданып отырған нормативтік-құқықтық актілерге сипаттама беріліп отырылады. Аудиовизуалды архивтік даму процестері туралы нормативтік-әдістемелік құжаттардың негізінде құжаттарды сақтауды ұйымдастырудың тәсілдері мен әдіс-терін қолданған мамандардың зерттеулері жатыр. Мұндай зерттеулерді талдау аудиовизуалды архивтерді жинақтау әдістемесі мен практикасының теориялық тәсілдеріндегі ең маңызды бағыттарды анықтауға мүмкіндік береді.

Г.А. Сексенбаеваның «Аудиовизуалды құжаттар: деректанулық және архивтанулық аспекті-лері» атты монографиясы аудиовизуалды құжаттардың деректанулық және

архивтанулық мәселелерін теориялық, әдістемелік және ұйымдастырушылық-практикалық тұрғыда кешенді түрде зерттеуге арналған [28].

Қазіргі уақытта дәл бұл салада осы монографиядан басқа іргелі, монографиялық және теориялық-әдістемелік зерттеулер жоқтың қасы болғандықтан бұл монографияның біздің жұмысымыз үшін маңыздылығы зор болып табылмақ.

Монографияда «кинофотофоноқұжаттар» және «аудиовизуалды құжаттар» терминдері бірегей құжат кешені ретінде сипатталады. «Известно, что кинофотофонодокументы отличаются от других типов исторических источников способом кодирования заключенной в них информации», - деп бағасын беріп өткен [28, С.9]. Сонымен бірге бұл еңбектің маңыздылығы аудиовизуалды құжаттарға қатысты еңбектерге тарихнамалық сипаттама жасап өтілген. Еңбекте аудиовизуалды құжаттарды талдаудың әдіснамалық және деректанулық әдістеріне тоқтала келе, аудиовизуалды құжаттарды жіктеу мәселелерін, аудиовизуалды құжаттардың ретроспективті ақпарат көзі ретіндегі ерекшеліктері мен маңыздылығын да қарастырып өткен. Жалпы, мемлекеті-міздің аудиовизуалды құжаттар қорының құрамы мен мазмұнын бағалай келе, кинофотофоно-құжаттар қоғамның саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени өмірінің тарихын бейнелеуде маңыздылығының зор екендігін ашып көрсетті. Автор монографиясында қазіргі уақытта қызмет атқарып отырған ҚР ОМ КФДЖ архивінің құрылуына әсер еткен бірқатар қаулы - қарарларды («1918 жылғы архив ісін қайта құру және орталықтандыру туралы декрет», 1919 жылғы фотосуреттер және кинематографиялық деректерді өткізу туралы, 1926 жылғы 4 ақпандағы «РКФСР Орталық архивіне негативтерді, фотосуреттерді, кинофильмдерді тапсыру туралы қаулы», 1928 жылғы 8 қыркүйектегі ҚазКСР-ның ОАК-нің қаулысы және т.б.) салыстыра келе, нормативтік-құқықтық актілерге де тоқталып өткен. 1941 жылы КСРО мемлекеттік архив қоры туралы ереже бекітілгенге дейін қолданыста болған 20-30 жылдардағы нормативтік актілердің кинофотоқұжаттармен жұмыс істеу әдістемесін айқындағанын және осының негізінде респуб-ликада кинофотофоноқұжаттардың Орталық архиві ұйымдастырылғанын айтады. Техникалық, технологиялық және басқа да ерекшеліктерімен айқындалатын техногендік құжаттардың (кино-, фото-, фоно- және т. б. құжаттар) өзіндік ерекшелігі, аудиовизуалды құжаттардың әлеуметтік тарих пен рухани мәдениет тарихы құбылыстары туралы ақпаратты хабарлау қабілеті оларды мемлекеттік сақтауды ұйымдастыру проблемаларын алға тартты деп баға беріп өткен. Бұл тарихи, көркем, мәдени маңыздылығы бар ерекше құжаттарды сақтау орны болып 1943 жылы құрылған Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік кинофотофоно және дыбыстық жазбалар архиві болып табылады деп атап көрсеткен. 1998 жылғы 22 желтоқсандағы «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы бойынша бұл құжаттар мемлекеттік ақпарат жүйесінің құрамына кірді және ажырамас бөлігі болып табылады.

Г.А.Сексенбаеваның «Полидисциплинарность изучения аудиовизуальных источников» атты мақаласында аудиовизуалды құжаттарды деректанулық тұрғыда зерттеу мәселесі ғылымның басқа, яғни журналистика, кинематография, өнер, психология, философия сияқты салаларымен байланыстылығына мән беріледі. Себебі олар ғылымның көптеген салаларының зерттеу тақырыбы болып табылатындығын айтады [29]. Аталған ғылым салалары аудиовизуалды құжаттардың мазмұндық құндылығын бағалаудың теориялық, әдіснамалық, әдістемелік негіздерін құрайды. Өнертану бейнелеу ақпаратын зерттеудің көркемдік-эстетикалық категорияларының жүйесін құрса, онда философиялық ғылымдар (антропология, аксиология, эстетика, герменевтика, семиотика), әлеуметтану және психология шығарманы жасаушы ретінде де, оны қабылдаушы ретінде де рухани элементтің құрылымы мен түсінігі туралы ақпарат беретіндігімен байланысты деп көрсетеді. Ал архивтану және археография сияқты ғылыми пәндер аудиовизуалды ақпараттың тұтынушыға қарай қозғалу процесіне көмектеседі. Зерттеушіге аудиовизуалды құжаттардың шығу тегі мен эволюциясының ерекшеліктерін айта отырып, олар әлеуметтік тарихи жадыны қалыптастыру үшін аудиовизуалды, визуалды және аудио ақпараттың құндылығын анықтайтын-дығын көрсетіп кеткен.

«Междисциплинарный характер источниковедческого изучения аудиовизуальных докумен-тов предполагает правомерное обращение к общим аспектам историографического опыта, сложившихся в кинематографии, фото и радиожурналистике, в сфере которых и создавались интересующие нас виды исторических источников», - деп сипаттап кетеді [29, С.687]. Сонымен қатар бұл ақпарат көздерін кино-, фото-, фонокұжаттар деп жекке блоктарға бөліп қатастырады. Мақалада кинофотофонокұжаттарға деген қызығушылықтың алғаш пайда болғаннан бастап кезең-кезеңге бөле отыра, кинофотоқұжаттарды зерттеу, осы дерек көздерінің пайда болу заңдылықтарын және олардағы нақты шындықты көрсету ерекшеліктерін талдауға негізделген.

Талқылау. Мемлекеттік архивтердің, соның ішінде Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік кинофотоқұжаттар және дыбыстық жазбалар архивінің қалыптасу тарихы туралы еңбектер кеңестік кезеңде де жазылып отырды. Олардың ішінде А.А.Кузиннің кинофотофоно-архивтер туралы жазған еңбегінде кинофотофоно архивтердің құрылуының теориялық және тәжірибелік маңыздылығына тоқталады [6]. В.В.Максаковтың еңбегінде одақтас республикаларда мемлекеттік архивтердің құрыла бастағандығынан хабар беріп өткен [30]. Г.А. Сексенбаеваның 2020 жарық көрген «Аудиовизуальные документы: источниковедческий и архивоведческий аспекты» монографиясының кіріспесінде [28], Д. Абдукадырова мен Б.Джапаровтың редакциялы-ғымен жарық көрген ұжымдық монографияда [31] Қазақстандағы архив ісін ұйымдастыру мәселелеріне, отандық архив ісінің дамуына, архив құжаттарының сақталуын қамтамасыз етуге, методологиялық және методикалық аспектілеріне тоқталып өткен. Монографияларда әрбір зерттеуші өз тақырыбы аясында ғана тарихнамалық талдау жасап өтеді. Г.А.Сексенбаеваның, С.А.Сатаеваның, Д.Б.Асымованың диссертациялық жұмыстарын да тақырыбымыздың басты деректерінің бірі деп атауымызға болады [23].

Қорытынды. Қазақстандағы архив ісі мәселесі кеңестік кезеңде және тәуелсіздік жылдары да зерттеліп келеді. Соның ішінде Қазақстанда мемлекеттік архивтердің құрылуы мен қызметі туралы мәселе біршама зерттелген.

Әсіресе ҚР ОМА тарихы негізінде архив ісінің дамуы мен кезеңдері, олардың ерекшеліктері мәселелеріне мақалалар, сондай-ақ жекелеген монографиялық еңбектер арналған.

Г.А. Сексенбаеваның мақалалары мен монографиялық еңбектерінде кинофотоқұжаттар мен дыбыстық жазба ісінің тарихы кешенді түрде зерттелген. Архив ісіне қатысты құжаттармен қатар архивке республика аумағында жұмыс істейтін әртүрлі мекемелердің, ұйымдардың, кәсіпорын-дардың және саяси, мәдени, тарихи маңыздылығы бар жеке тұлғалардың жұмыс процесінде пайда болған кинофотофонокұжаттарының да қабылдану үрдісіне, аудиовизуалды құжаттардың басқа ғылым салаларымен байланыстылығы мәселесіне де тоқталады. Архивке және архив қызметкер-леріне аудиовизуалды құжаттармен жинақтау, оларды есепке алу, сақталуын қамтамасыз ету, әртүрлі мақсаттарда кеңінен пайдалану сияқты үлкен кәсіби міндеттер жүктелгендігін ескертеді. Мұндай зерттеулерді талдау аудиовизуалды құжаттарды жинақтау әдістемесі мен практикасының теориялық тәсілдеріндегі ең маңызды бағыттарды анықтауға мүмкіндік береді. Осындай негіздегі мақсатты және кешенді түрдегі зерттеулер мен зерттеушілер қажет екенін атап өтеміз.

Сонымен қатар, біз осы тарихнамалық талдаудың нәтижесінде болашақтағы зерттеушілердің төмендегідей мәселелерге назар аударғандары дұрыс болар еді деп есептейміз. Қазақтан Респуб-ликасының Ұлттық мемлекеттік архивінің қалыптасуы мен дамуы, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік ғылыми-техникалық құжаттама архиві, ҚР Президенті архивінің қалып-тасуы, дамуы, бүгінгі таңдағы жағдайы туралы мәселелері әлі де болса, тереңдете зерттеуді қажет етеді. Сонымен бірге, еліміздегі архивтердегі қор құру, қорландыру мәселелері, құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету, архив құжаттарының құндылығын айқындаудағы мемлекеттік сараптама жүргізу жеке тектік қорлар, олардың ерекшеліктері, архив мамандары олардың қызметі, еңбек және тұрмыс жағдайы, архивші мамандарды даярлау және оларды шешу жолдары туралы мәселелер арнайы, кешенді зерттеулерді қажет етеді. Осы тұрғыдан алғанда, еліміздегі архивтану саласы бойынша әлі көптеген мәселелер өз зерттеушілерін күтіп тұр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы Қазақстан Республикасының Заңы // Қазақстанда іс Қағаздарын жүргізу, 2008. № 4 (16). 20–32 бб.*
2. Магидов В.М. «Кинофотофонодокументы в контексте исторического знания». Москва: Российский государственный гуманитарный университет, 2005. 394 с. + 48 с. ил.
3. Ахмет А. Қазақстандағы архив ісі: монография. Алматы: ЖШС «Лантар Трейд», 2018. 424 б.
4. Михайлов В.А. История организации кинофотодокументальных материалов в СССР (1917-1945 гг.): дис. ... канд. ист. наук. – М.: МГИАИ, 1955. 190 с.
5. Теория и практика архивного дела в СССР. Под.ред. Г.А.Белова, А.И.Логиновой, К.Г.Митяева.-М., 1958. -341 с.
6. Кузин А.А. Кино-фото-фоноархивы. Учебное пособие. Москва, 1960. 265 с.
7. Козлитин И.П. Государственные архивы Республик Средней Азии и Казахстана. Учебное пособие. Москва, 1961. 89 с.- 544.
8. Шоков А.П. Комплектование архива фонодокументами // Советские архивы. – 1969. - №4. С.104-105
9. Шевченко Ф.П. К вопросу об использовании кинодокументов в исторической науке // Украинский исторический журнал. – 1976. - №6. – С.65-70
10. Магидов В.М. Кинодокументы: проблемы источниковедческого анализа и использования в исторических исследованиях // История СССР. 1988. - №1 (январь-февраль). – С.92-103
11. Магидов В.М. Кинофотофонодокументы как исторический источник // Отечественная история. -1992. - №5. С.116
12. Хорхордина Т.И. История Отечества и архивы: 1917-1980 гг. - М.: Российский государственный гуманитарный университет, 1994. 360 с.
13. Еремченко В.А. Основные проблемы работы государственных архивов СНГ с аудиовизуальной документацией // Отечественные архивы. – 2001. - №6. – С.3-10
14. Магидов В. М. Кинофотофонодокументы по истории отечественной культуры // Делопроизводство. – 2008. – №. 2. – С. 93-98
15. Магидов В. М. Кинофотофонодокументы по истории науки и техники // Делопроизводство. – 2008. – №. 1. – с.94-103.
16. Архивное строительство в Казахской ССР (1918-1980 гг.) / Сб.законодательных и руководящих документов. – Алма-Ата, 1980. – 234 с.
17. Отчет о работе архива за 1944 год. ЦГА КФФД КазССР, ф.1979, оп.1, д.1, л.1
18. Отчет о работе Центрального краевого архива за 1928 год. ЦГА Каз ССР. Ф.544, оп.1, д.282, л.15
19. Сеитова А.Ф. Аудиовизуальные документы как исторический источник // Қазақстан мұрағаттары (Архивы Казахстана). №1 (10). – 1996. – С.61-68
20. Сексенбаева Г.А. Центральный государственный архив кинофотодокументов и звукозаписей КазССР: история становления и развития (1943-1991 гг.) // Отан тарихы. - №2. – 2004. – С.93-102
21. Сеитова А.Ф. Мгновения остановили и сберегли // Аргументы и факты Казахстан. - 2006. -№32. – С.4
22. Сексенбаева Г.А. Аудиовизуальные документы как источники по истории Казахстана (на материалах ЦГА КФДЗ РК). Диссертация на соискание ученой степени доктора исторических наук. Алматы, 2009. 265 с.
23. Сатаева С.А. Документы Центрального государственного архива кинофотодокументов и звукозаписей республики Казахстан как источник по изучению истории Казахстана (1941-1945 гг). Диссертация на соискание ученой степени кандидата исторических наук. Алматы, 2010. 174 с.

24. Асымова Д.Б. *XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Алматы қаласының күнделікті өмірінің кинофотофоно құжаттарындағы көрінісі. Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2013. 174 б.*
25. Сексенбаева Г.А., Асымова Д. *Источниковедение аудиовизуальных документов историография проблемы // СОНОРТА. – 2015. – №. 1. – С. 142-158.*
26. Сексенбаева Г.А. *«Кинофотофонодокументы как исторический источник». Алматы, 2011. -232 с. 2013*
27. Сексенбаева Г.А. *Центральный государственный архив кинофотодокументов и звукозаписей: история и современность. Алматы: «Қазақ университеті», 2014. 190 с.*
28. Сексенбаева Г.А. *Аудиовизуальные документы: источниковедческий и архивоведческий аспекты. Алматы: Қазақ университеті, 2020. 272 с.*
29. Сексенбаева Г.А. *«Полидисциплинарность изучения аудиовизуальных источников» // SCIENTIFIC COLLECTION INTERCORNF. №4 February, 2021. С.686-695*
30. Максаков В.В. *История и организация архивного дела в СССР (1917-1945 гг.). –М., 1969. -430 с.*
31. *Организация архивного дела в Казахстане: практики, проблемы, инновации. Коллективная монография. Под.ред. Д. Абдукадыровой, Б. Джапарова. Алматы: Қазақ университеті, 2019. 366 с.*

References:

1. *Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы Қазақстан Республикасының Заңы // Қазақстанда іс Қағаздарын зhyргизу, 2008. № 4 (16). 20–32 бб.*
2. Magidov V.M. *«Kinofotofonodokumenty v kontekste istoricheskogo znaniya». Moskva: Rossijskij gosudarstvennyj gumanitarnyj universitet, 2005. 394 s. + 48 s. il.*
3. Ahmet A. *Қазақстандағы архив ісі: монография. Алматы: ZhShS «Lantar Trejd», 2018. 424 б.*
4. Mihajlov V.A. *Istorija organizacii kinofotodokumental'nyh materialov v SSSR (1917-1945 gg.): dis. ... kand. ist. nauk. – М.: MGIAI, 1955. 190 s.*
5. *Teorija i praktika arhivnogo dela v SSSR. Pod.red. G.A.Belova, A.I.Loginovoj, K.G.Mitjaeva.- М., 1958. -341 s.*
6. Kuzin A.A. *Kino-foto-fonoarhivy. Uchebnoe posobie. Moskva, 1960. 265 s.*
7. Kozlitin I.P. *Gosudarstvennye arhivy Respublik Srednej Azii i Kazahstana. Uchebnoe posobie. Moskva, 1961. 89 s.- 544.*
8. Shokov A.P. *Komplektovanie arhiva fonodokumentami // Sovetskie arhivy. – 1969. - №4. S.104-105*
9. Shevchenko F.P. *K voprosu ob ispol'zovanii kinodokumentov v istoricheskoy nauke // Ukrainskij istoricheskij zhurnal. – 1976. - №6. – S.65-70*
10. Magidov V.M. *Kinodokumenty: problemy istochnikovedcheskogo analiza i ispol'zovanija v istoricheskikh issledovanijah // Istorija SSSR. 1988. - №1 (janvar'-fevral'). – S.92-103*
11. Magidov V.M. *Kinofotofonodokumenty kak istoricheskij istochnik // Otechestvennaja istorija. - 1992. - №5. S.116*
12. Horhordina T.I. *Istorija Otechestva i arhivy: 1917-1980 gg. - М.: Rossijskij gosudarstvennyj gumanitarnyj universitet, 1994. 360 s.*
13. Eremchenko V.A. *Osnovnye problemy raboty gosudarstvennyh arhivov SNG s audiovizual'noj dokumentaciej // Otechestvennye arhivy. – 2001. - №6. – S.3-10*
14. Magidov V. M. *Kinofotofonodokumenty po istorii otechestvennoj kul'tury // Deloproizvodstvo. – 2008. – №. 2. – S. 93-98*
15. Magidov V. M. *Kinofotofonodokumenty po istorii nauki i tehniki // Deloproizvodstvo. – 2008. – №. 1. – s.94-103.*
16. *Arhivnoe stroitel'stvo v Kazahskoj SSR (1918-1980 gg.) / Sb.zakonodatel'nyh i rukovodjashhih dokumentov. – Alma-Ata, 1980. – 234 s.*

17. Otchet o rabote arhiva za 1944 god. CGA KFFD KazSSR, f.1979, op.1, d.1, l.1
18. Otchet o rabote Central'nogo kraevogo arhiva za 1928 god. CGA Kaz SSR. F.544, op.1, d.282, l.15
19. Seitova A.F. Audiovizual'nye dokumenty kak istoricheskij istochnik // *Қазақстан мырағаттары (Архивы Казахстана)*. №1 (10). – 1996. – S.61-68
20. Seksenbaeva G.A. Central'nyj gosudarstvennyj arhiv kinofotodokumentov i zvukozapisej KazSSR: istorija stanovlenija i razvitija (1943-1991 gg.) // *Otan tarihy*. - №2. – 2004. – S.93-102
21. Seitova A.F. Mgnovenija ostanovili i sberegli // *Argumenty i fakty Kazahstan*. -2006. -№32. – S.4
22. Seksenbaeva G.A. Audiovizual'nye dokumenty kak istochniki po istorii Kazahstana (na materialah CGA KFDZ RK). *Dissertacija na soiskanie uchenoj stepeni doktora istoricheskix nauk*. Almaty, 2009. 265 s.
23. Sataeva S.A. Dokumenty Central'nogo gosudarstvennogo arhiva kinofotodokumentov i zvukozapisej respubliki Kazahstan kak istochnik po izucheniju istorii Kazahstana (1941-1945 gg). *Dissertacija na soiskanie uchenoj stepeni kandidata istoricheskix nauk*. Almaty, 2010. 174 s.
24. Asymova D.B. XX zasyrdyғ 20-30 zhyldaryndaғы Almaty қаласының кыңdelikti өmiriniң kinofotofono қыzhattaryndaғы көrinisi. *Filosofija doktory (PhD) зылыми дәrezhesin alu yshin dajyndalған dissertacija*. Almaty, 2013. 174 b.
25. Seksenbaeva G. A., Asymova D. Istochnikovedenie audiovizual'nyh dokumentov istoriografija problemy // *COHORTA*. – 2015. – №. 1. – S. 142-158.
26. Seksenbaeva G.A. «Kinofotofonodokumenty kak istoricheskij istochnik». Almaty, 2011. -232 s. 2013
27. Seksenbaeva G.A. Central'nyj gosudarstvennyj arhiv kinofotodokumentov i zvukozapisej: istorija i sovremennost'. Almaty: «Қазақ universiteti», 2014. 190 s.
28. Seksenbaeva G.A. Audiovizual'nye dokumenty: istochnikovedcheskij i arhivovedcheskij aspekty. Almaty: Қазақ universiteti, 2020. 272 s.
29. Seksenbaeva G.A. «Polidisciplinarnost' izuchenija audiovizual'nyh istochnikov» // *SCIENTIFIC COLLECTION INTERCORNF*. №4 February, 2021. S.686-695
30. Maksakov V.V. *Istorija i organizacija arhivnogo dela v SSSR (1917-1945 gg.)*. –M., 1969. -430 s.
31. *Organizacija arhivnogo dela v Kazahstane: praktiki, problemy, innovacii*. Kollektivnaja monografija. Pod.red. D. Abdukadyrovoj, B. Dzhaparova. Almaty: Қазақ universiteti, 2019. 366 s.